

Жер салығының ставкалары туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2011 жылғы 30 қарашадағы № 363 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2011 жылы 23 желтоқсанда № 10-8-163 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2015 жылғы 26 қарашадағы № 343 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 26.11.2015 № 343 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО ескертпесі:

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 99 Кодексінің 387-бабын, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңын басшылыққа ала отырып аудандық мәслихат

ШЕШЕМІЗ:

1. Салық кодексінің 378, 379, 381 және 383-баптарында белгіленген, Сырдария ауданында автотұрақтарға (паркингке) автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шағарылған) жерлерді қоспағанда жер салығының базалық ставкалары 50 пайызға жоғарылатылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезектен
тыс XXXXII сессиясының төрағасы*

Р. Есенов

Аудандық мәслихаттың хатшысы

А. Атақасев

"Келісілді"

*Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрлігі Салық
Комитетінің Қызылорда
облысы бойынша Салық
департаментінің Сырдария
ауданы бойынша Салық
басқармасының бастығы*

_____ Ф. Қожабергенов

30 қараша 2011 жыл

Ескерту. Келісу таңбасына өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Сырдария

аудандық мәслихатының 2012.03.20 N 36 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК